

№8 «Тұлпар» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК
педагогикалық кеңес хаттамасы
Хаттама №4

Өткізілу күні: 01.03.2022ж

Қатысушылар – 18 педагог (тізім бойынша)

Кеңес төрағасы – Э.М.Косжанова

Хатшы – Г.С.Курманова

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. 2017 жылдан бастап 2022 жылға дейінгі жұмыс кезеңінде №8 «Тұлпар» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК қызметіне толық талдау жүргізу туралы.
2. №8 «Тұлпар» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК өзін-өзі бағалау үшін аттестаттау комиссиясын бекіту.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Бірінші сұрақ бойынша Э.М.Косжанова ББ меңгерушісі м.а сөз сөйледі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 3 тамыздағы № 634 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 бұйрығымен бекітілген (26.07.2021 № 366) «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» негізінде, педагогикалық ұжымды аттестаттау кестесімен, аттестаттау мерзімі 2022 жылдың мамыр айында өтілетіні туралы айтып, 2017-2022 жылдар аралығындағы кезеңде қызметтің барлық бағыттары бойынша балабақшаның өзін-өзі бағалауын жүргізу қажет екенін атап өтті.

2. Екінші сұрақ бойынша Э.М.Косжанова ББ меңгерушісі м.а өзін –өзі бағалау туралы бұйрықпен таныстырды, ұйымның өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі комиссия құрамымен таныстырды:

Комиссия төрағасы: Э.М.Косжанова ББ меңгерушісі м.а

Комиссия төрағасы орынбасары: Н.Е.Калымбетова, ББ әдіскері

Комиссия мүшелері:

Н.С.Жанбирбаева, ББ шығармашылық топ жетекшісі

С.Г.Сарсембаева комиссия мүшесі, ББ тәрбиешісі

Н.А.Сагинова комиссия мүшесі, ББ музыка жетекшісі

А.Смагулова комиссия мүшесі, ББ педагог-психологі

Л.Ж.Жумабекова комиссия мүшесі, ББ кәсіподақ төрағасы

Хатшы Курманова Г, орыс тілі пәні маманы

Комиссия білім беру ұйымын бағалау өлшемшарттарына және білім беру ұйымын өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын жүргізуге тиіс.

Комиссия мүшелері білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауы бойынша есептерді дайындасын:

Н.Е.Калымбетова ББ әдіскері, Н.С.Жанбирбаева тәрбиешісі – білім беру және оқыту, МЖМС-пен толықтай жұмыс бағытарын орындау, тәрбиеленушілердің жетістіктерін бақылау, пәндік-кеңістік орта құру;

С.Г.Сарсембаева, А.Смагулова – тәрбиеленушілер мен педагог кадрлардың жетістіктерінің сапалы құрамы және мониторингі, мектепке дейінгі инклюзивті білім беруді ұйымдастыру және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау, ата-аналардың сауалнамасын талдау.

Н.А.Сагинова, музыка жетекшісі – мектепке дейінгі ұйымдарда сауықтыру іс-шаралардың өтілуі туралы жұмыстарын ұйымдастыру бойынша талдау жасау.

Л.Ж.Жумабекова, кәсіподақ төрағасы – барлық топтардың ата-аналар жұмысына талдау жасау.

ШЕШІМІ:

1. 2022 жылдың 01 наурыздан бастап №8 «Тұлпар» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК-да өзін-өзі бағалау жұмысы ұйымдастырылсын. Өзін – өзі бағалау жұмыстарын жүргізуде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 10 қыркүйектегі № 700 бұйрығына қосымша «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» басшылыққа алынсын.
2. Өзін-өзі бағалаудағы жүргізілетін жұмыстарға жоспар құру. Өзін – өзі бағалау жұмыстарын жүргізу үшін комиссия құрамы өзін-өзі бағалау жөніндегі есептерін дайындасын.

Хаттама көшірмесі дұрыс

Пед.кеңес төрағасы:

Хатшысы:

Э.М.Косжанова

Г.Курманова

Комиссия төрағасы орынбасары: Н.Е.Калымбетова

Комиссия мүшелері:

Н.С.Жанбирбаева

С.Г.Сарсембаева

Н.А.Сагинова

А.Смагулова

Л.Ж.Жумабекова

